



## ЕО – ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ БЕЙБІТШІЛІК, ӨРКЕНДЕУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МАҚСАТЫНДА СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ

Еуропалық Одақ (ЕО) пен Орталық Азияны бейбітшілікке, тұрақтылыққа және экономикалық ынтымақтастыққа деген ұмтылысы біріктіреді. ЕО аймақтағы «жасыл» және цифрлық ауысуды, көлік пен энергияның өзара байланысын, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты қолдайды. Екі тарап та санкцияларды айналып өтудің алдын алу мақсатында жұмыс істейді.

### ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ САЯСИ ӨЗАРА ІС-ӨРЕКЕТ

ЕО мен Орталық Азия соның ішінде сыртқы істер министрлерінің кездесулерін қоса алғанда, үнемі жоғары деңгейдегі саяси диалогтар жүргізеді. 2025-ші жылғы сәуірде Еуропалық Кеңестің, Еуропалық Комиссияның және Орталық Азияның бес мемлекетінің президенттері қатысатын тарихтағы алғашқы ЕО-Орталық Азия саммиті өтеді.

#### Негізгі келісімдер және ынтымақтастық

##### Кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім (КӘЫҚ)

ЕО мен Орталық Азия арасындағы қарым-қатынастарды нығайту. Келісім Қазақстанмен (2020 ж.) жасалды, Қырғызстанмен (2024 ж.) қол қойылды және Өзбекстанмен (2025 ж.) қол қою жоспарланған. Тәжікстанмен келіссөздер 2024 жылы аяқталды.

##### ЕО мен Орталық Азия арасындағы байланыстарды тереңдету жөніндегі бірлескен жол картасы (2023ж.)

Бес басым бағыттағы 79 іс-шараны қамтитын нақты жоспар:

Саяси диалог және қауіпсіздік

Көлік және цифрлық өзара байланыстылық

Аса маңызды шикізат және энергетика

адамдары арасындағы байланыс

#### 2019-шы жылғы ЕО-ның Орталық Азия бойынша жаңа стратегиясы: үш басым бағыт

##### Аймақтық ынтымақтастық

Сауданы, инвестицияларды және нарықтық интеграцияны дамыту.

Климаттың өзгеруі мен қауіпсіздікке қатысты мәселелерді шешу.

##### RESILIENCE AND GOVERNANCE

Институттарды, адам құқықтарын және заң үстемдігін нығайту.

Экономикалық және саяси реформаларды қолдау.

##### ECONOMIC GROWTH AND CONNECTIVITY

Жасыл энергияны, ғылыми зерттеулер мен цифрлық инновацияларды ілгерілету.

## САУДА ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

ЕО ДСҰ-ға кіруді және экономиканы жаңғыртуды қолдайтын, Орталық Азия үшін негізгі сауда әріптесі болып табылады. ЕО-ның сауда преференциялары жүйесі және кеңейтілген сауда преференциялары жүйесі (GSP/GSP+) Тәжікстанға, Қырғызстанға және Өзбекстанға еуропалық нарыққа тарифсіз қол жеткізуге мүмкіндік береді. ЕО сонымен қатар ШОБ-ты дамытуға және жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

### Орталық Азиядағы ЕО қолдайтын флагмандық бастамалар

#### Өзара байланыстылықты нығайту: Транскаспий көлік дәлізі

ЕО-ның «Global Gateway» стратегиясының негізгі бөлігі болып табылатын көлік дәлізі Еуропа – Азия транзитінің уақытын 15 күнге дейін қысқартуға арналған. ЕО бұл идеяны аймақтық бағдарламалар аясында қолдайды (өзара байланыстылықты қамтамасыз ету үшін 30 миллион еуро және экономикалық өркендеуді қамтамасыз ету үшін 28,4 миллион еуро). Қазіргі уақытта 10 млрд. еуро көлеміндегі халықаралық инвестициялық пакет жұмылдырылуда.

#### «Team Europe» бастамасы: цифрлық өзара байланыстылық

Орталық Азиядағы цифрлық түрлендірулерге жәрдемдесуге, телекоммуникация, киберқауіпсіздік және дербес деректерді қорғау саласындағы реформаны қолдауға 55 млн. еуро. Спутниктік байланыс саласында еуропалық жеке сектормен ынтымақтастық.

#### «Team Europe» (TEI) бастамасы: су ресурстары, энергетика, климат

Төмендегі бағдарламаларды қоса алғанда, су ресурстары мен энергияны ұтымды пайдалануды дамытуға 200 млн. еуро:

- [SECCA \(ЕО-тың Орталық Азиядағы тұрақты энергетикалық байланыстарды қолдауы\)](#)
- [CAWEP \(Орталық Азия су-энергетикалық бағдарламасы\)](#)
- Рогун су электр станциясы және климаттың өзгеруіне тұрақтылық бағдарламаларын қолдау.

#### Аса маңызды шикізат және жаңартылатын энергия көздері

- Өзара түсіністік туралы меморандумдарға Қазақстан (2022ж.) және Өзбекстан (2024ж.) қол қойды.
- Аса маңызды шикізат саласындағы ынтымақтастыққа 16 млн. еуро және [жаңартылатын энергия көздері бойынша жобалар үшін 30 млн. еуро инвестициялық кепілдіктер бөлінді.](#)

#### Адами капиталға инвестициялар: білім беру және кәсіптік оқыту

- «Erasmus+» бағдарламасы (73 миллион еуро) студенттердің ұтқырлығы мен академиялық алмасуларын қолдауға бағытталған (2021-2027 жж.)
- [DARYA жобасы](#) (10 млн.еуро) жастардың кәсіби біліктілігін арттыруға және жұмыспен қамту деңгейін арттыруға бағытталған

## ЕО - ОРТАЛЫҚ АЗИЯ: АНАҒҰРЛЫМ ТЫҒЫЗ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ

ЕО экономикалық өсуді, тұрақтылықты және өңірлік қауіпсіздікті қолдай отырып, **Орталық Азияның дамуға көмек көрсету жөніндегі ірі серіктесі болып табылады.** Жоғары деңгейдегі өзара іс-әрекет, сауда, инвестициялар және цифрлық трансформацияның арқасында ЕО мен Орталық Азия күшті және өзара байланысты болашақ құруда.